



## Аудан әкімі атынан ауызашар берілді

Рамазан – мұсылман қауымы үшін он екі айдың сұлтаны, молшылықтың бастауы. Сабыр мен құлшылықты ту етіп, береке-бірлікті паш ететін бұл айда күйбең тіршілік қамымен жүрген пенденің жүрегіне иман нұры құйылып, тәубаға келері анық. Сонымен бірге қасиетті айда ауыз бекіткен, яғни, ораза ұстаған жандарды ауызашарға шақыру құрметтеудің бір белгісі әрі сауапты іс болып табылады.



Осы аптаның сәрсенбесінде аудан әкімі Аэлита Ахметсәлімқызының басамасымен ораза ұстап, ауыз бекіткен барша аудан тұрғындарына ауызашар берілді. Зайсан аудандық орталық мешіті жанындағы қатымханада өткен ауызашарға ауданның еңбек ардагерлері, ақ жаулықты аналар және мешіт жамағаттары шақырылды. Алдымен ауданның бас имамы Теңлікбек Ахмадияр ауызашардың мол сауабы мен оразаның қасиеттері туралы дәріптей келе, ауызбіршілігіміз артып, береке-бірлігіміз мызғымасын деген тілегін жеткізді. Аудан әкімінің іс сапарда болуына байланысты, аудандық мәслихат төрағасы Еркебұлан Зағыпаров және аудан әкімінің орынбасарлары Ермек Қорабаев пен Асхат Өтебаев дастархан басына жиналған қауымға ақ тілек пен ізгі ниет білдірді. Осы ретте аудандық мәслихат төрағасы Еркебұлан Серікұлы аудан басшысының бастамасын құптап, демеушілік көрсеткен облыстық мәслихат депутаты Абжанов Дарын Қуатбекұлына алғыс білдірді.

Берекеді отырыста тағылымды насихат айтылып, имандылық пен адамгершілік құндылықтары айшықтала түсті. Көне көз қариялар шарапаты мол айдың жақсылығына кенеліп, «Оразадан оразаға жете берейік!» деген бата берді. Қасиетті айда дастарханнан дәм татқан үлкен-кіші ізгілікті үндеген аудан әкімі Аэлита Ахметсәлімқызы мен облыстық мәслихаттың депутаты Дарын Абжановқа ризашылықпен тарқасты.

Н.ХАЛЫҚОВА.

## Ақыл-ой додасында ардагерлер бақ сынады

Өткен аптада Зайсан қаласындағы Шығармашылық үйінде ардагерлер арасында шахматтан аудан біріншілігі өтті. Спортты өміріне серік еткен ардагерлердің басын қосқан ақыл-ой додасы тартысты әрі қызыққа толы болды.



Жарыстың ашылу салтанатында аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы З. Дүйсенбаева, аудандық мәдениет, спорт, дене шынықтыру және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Е. Әлібеков, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Т. Молдаханов қатысушыларға ізгі тілектерін білдіріп, ақыл-ойды шыңдайтын шахмат ойынының маңыздылығын атап өтті. Сонымен бірге ардагерлерге сәттілік тілеп, жарыстың жоғары деңгейде өтуіне сенім білдірді.

Жарыс барысында қатысушылар өзара тартысты ойын өрнегін көрсетіп, тәжірибе мен шеберліктің үлгісін танытты. Шахмат тақтасында өткен әр партияда қатысушылардың бай тәжірибесі мен сабырлылығы анық байқалды.

Нәтижесінде жүлделі ІІІ орынды аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Т. Молдаханов иеленсе, ІІ орын аудандық технология колледждің директоры Е. Сейілхановқа бұйырды. Ал І орынды 87 жасқа келген ардагер, шахматтан спорт шеберіне үміткер М. Күпиев жеңіп алды.

Жарыс соңында жеңімпаздар мен жүлдегерлерге бағалы сыйлықтар мен «Алғыс хаттар» табысталды. Аталған игі шара ардагерлердің бос уақытын тиімді өткізуіне, салауатты өмір салтын насихаттауға және жас ұрпаққа үлгі боларлық игілікті шара.

А.АҚБАБА.

## ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ



## ҚҰТТЫҚТАУ

Құрметті әсерлестер, ардақты ағайын,  
аудан қонақтары!

Баршаңызды алда келе жатқан Ұлыстың ұлы күні – Әз Наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз.

Жер дүниені нұрға бөлеп, айналаға шуағын шашқан шырайлы көктеммен келген бұл мерекенің өрқашан өзіндік ерекшелігі басым. Осынау сәтте жер-ана қайта түлеп, күн мен түннің теңелетін шағы күллі әлемді өзінің шапағатына бөлейді. Тарихы тереңнен тартқан Ұлыстың ұлы күні қай кезеңде де еңсесі биік елдіктің, іргесі сөгілмеген бірліктің, ынтымағы жарасқан татулықтың мерекесі болғандықтан осынау мерейлі сәтте ұлттық дәстүрлеріміз бен әдет-ғұрыптарымыз жаңғыртылып, жалпы адамзаттық құндылықтар дәріптелген.

Наурыз жыл басы ғана емес, бұл ең алдымен ізгілік пен жақсылықтың мерекесі. Наурыз рухани тазару мен үйлесімнің, бейбітшілік пен берекенің символы. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың «Наурыз ұлтына, дініне қарамастан, барша жұртты ұйыстыратын жалпы ұлттық мейрам. Бұл мереке халқымызды береке-бірлікпен, ортақ мүддеге жұмылдырады. Біздің халқымыз қай уақыттарда да бір-біріне қол ұшын созып, қолдау көрсетуге дайын» деген сөзі Әз Наурыз мерекесінің қадірі мен қасиетін айшықтай түседі.

Баршаңызға осынау мерейлі сәтте шымыр денсаулық, отбасыларыңызға амаңдық, шаңырақтарыңызға өрқашан қуаныш пен жақсылық, босағаларыңызға таусылмайтын ырыс пен мол несібе тілейміз! Ежелден жаңару мен жасампаздықтың бастауы, ырыс пен берекенің арқауы болған жыл басы – Әз Наурыз әр отбасына толағай табыстар әкелсін, еңбектеріңіздің жемісін көріңіздер! Еліміздің іргесі мығым, заманымыз тыныш, тұрақтылық тұғыры бекем болсын, бейбіт өміріміз жарқын істермен жалғаса берсін!

Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!

Құрметпен: АЭЛИТА АХМЕТСӘЛІМҚЫЗЫ,  
аудан әкімі.

ЕРКЕБҰЛАН ЗАҒЫПАРОВ,  
аудандық мәслихат төрағасы.



**Жемқорлық- індет, жою міндет**

Сыбайлас жемқорлық - ұлттық қауіпсіздікке, әрбір отбасының әлауқатына, балалардың жарқын болашағына және тұтастай алғанда елдің дамуына қауіп төндіреді.

Заң бойынша кез-келген адам осы зұлымдыққа қарсы тұруға белсенді қатысуға құқылы.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін адам мемлекеттің қорғауында болады ("Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңның 24-бабының 3-тармағы).

Мұндай адам туралы ақпарат мемлекеттік құпия болып табылады.

Егер Сіз сыбайлас жемқорлықтың куәгері немесе құрбаны болдым деп ойласаңыз, бұл туралы келесі жолдардың бірімен хабарлауға болады:

1. 1424 тегін нөмірі бойынша ұялы немесе стационарлық телефоннан сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің Call-орталығына қоңырау шалу, оның консультанттары одан әрі қадамдар туралы толық түсіндірме береді не сыбайлас жемқорлық фактілерінің жолын кесу үшін дереу ден қоюды қамтамасыз етеді.

2. Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет)

Зайсан қ, Бөгенбай батыр көшесі, 78 үй бойынша не Агенттіктің тұрғылықты (болған) жері бойынша аумақтық департаменттеріне жазбаша өтініш жасауға.

3. Электрондық үкімет порталының онлайн-сервисі арқылы өтініш жіберу egov.kz (электрондық цифрлық қолтаңба – ЭЦҚ болуы қажет).

4. Агенттік төрағасының блогына "Ашық диалог" сайтында немесе Агенттіктің сайтына жазыңыз.

5. Агенттіктің электрондық поштасына жазыңыз – kense@antikor.gov.kz

Сіз берген ақпарат үшін сыйақы төленуі мүмкін ("Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" ҚР Заңының 4-бабының 7-тармағы және 24-бабының 3-тармағы).

**Сыйақы мыналар үшін беріледі:**

1. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлама;  
2. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған іздеуде жүрген адамның орналасқан жері туралы ақпаратты (тізімді Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің ресми сайтынан көруге болады);

3. Кейіннен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықты анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу үшін маңызы бар өзге де жәрдем үшін.

Қанша соманы алуға болады?

30 АЕК – тен (2024 жылға-шамамен 110 760 теңге) 4000 АЕК-ке дейін (14,7 млн. теңге).

Көтермелеу шарттарымен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзге де жолмен жәрдемдесетін адамдарды көтермелеу қағидаларында толығырақ танысуға болады (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 1131 қаулысы)

**Сыйақы алу үшін Сізге:**

1. Көмек көрсетілген органға жүгіну;

2. Өтініш жазу;

3. Жеке куәліктің көшірмесін және банк деректемелерін қоса беріңіз.

Сыбайлас жемқорлықпен бірге күресейік!

Ә. ТУРҒАНБАЕВ,

ЗАЙСАН АУДАНЫНЫҢ ТЖБ АҒА ИНЖЕНЕРІ, АЗАМАТТЫҚ  
ҚОРҒАУ АҒА ЛЕЙТЕНАНТЫ.

**Сыбайлас жемқорлық – қоғам дерті!**

Сыбайлас жемқорлық — бұл мемлекеттің ішінен жегідей жейтін, қоғамның дамуын тежейтін және болашаққа балта шабатын қауіпті әлеуметтік құбылыс. Оны тектен-текке «қоғам дерті» деп атамайды. Себебі, бұл дерт асқынған жерде әділдік жоғалып, заңның үстемдігі әлсірейді.

Жемқорлық тек ақша ұрлау емес, бұл — азаматтардың мемлекетке деген сенімін жою. Оның зардаптары өте ауыр:

• Экономикалық шығын: Инвестиция азайып, бюджет қаражаты мақсатсыз жұмсалады.

• Әлеуметтік теңсіздік: Білімі мен қабілеті бар жастар емес, танысы барлар алға шығады.

• Моральдық құлдырау: Адал еңбек құнсызданып, «Бәрін ақшамен шешуге болады» деген теріс түсінік қалыптасады.

Күресу — ортақ міндет. Сыбайлас жемқорлықпен күресу тек құқық қорғау органдарының жұмысы емес. Бұл — әрбір азаматтың азаматтық парызы.

1. Құқықтық сауаттылық: Әр адам өз құқығын білуі және заңсыз әрекеттерге «жоқ» деп айта алуы тиіс.

2. Ашықтық: Мемлекеттік қызметтердің цифрлық форматқа өтуі — парақорлықтың жолын кесетін басты құрал.

3. Тәрбие: Жастардың бойында бала кезден адалдық пен парасаттылық құндылықтарын егу.

Жемқорлықпен күресу — мемлекеттік саясаттың басым бағыты, бірақ нәтиже шығуы үшін қоғамның санасы өзгеруі тиіс.

Сыбайлас жемқорлықты жеңу — ертеңгі жарқын болашаққа жасалған қадам. Біз таза қоғамда өмір сүргіміз келсе, жемқорлыққа қарсы мүлдем төзбеушілік (zero tolerance) қағидасын ұстануымыз қажет. Әділдік орнаған жерде ғана мемлекеттің іргесі берік, халқының әл-ауқаты жоғары болады.

Біздің күшіміз — адалдықта!

А.ҚҰМАРБЕКОВА,

Зайсан аудандық санитариялық-эпидемиологиялық  
бақылау басқарма бөлім басшысы.

**Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарландыру**

1) Жобаның атауы:  
– Шығыс Қазақстан облысы Сарыбұлақ кен орнында № С-311 бағалау көлденең ұңғымасының құрылысы.

2) Аумағына әсер ету мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін өкімшілік-аумақтық бірліктердің тізімі:

– Шығыс Қазақстан облысының Зайсан ауданының Қарабұлақ ауылдық округі.  
Жер телімінің географиялық координаттары және ісер ету аумағының географиялық координаттары:

– Ұңғыма сағасының орналасу координаттары: 47°34'44.6400" се 84°27'51.1800" шб.

3) Қоғамдық тыңдаулар өткізілетін жері, күні және басталу уақыты:  
– ШҚО, Зайсан ауданы, Қарабұлақ а.о., Қарабұлақ а., А.Құнанбайұлы к., 12а көшесі (өкімдік ғимараты), 28.04.2026 ж. сағат 14:00.

4) Бастамашының деректемелері және байланыс деректері:  
– «Тарбағатай Мунай» ЖШС, БСН 060940004104, ШҚО, Өскемен к., Қ.Сәтпаев даңғ., 64, 8 қабат, тел.: +7 (7232) 20-30-90, e-mail: a.tuganbayev@tbmunay.com.

5) Ықтимал әсерлер туралы есеп авторының мәліметтері мен байланыс деректері:  
– «Проектный центр «ПРОФЕССИОНАЛ» ЖШС, БСН 141140017741 ШҚО, Өскемен к., Протоzanoв көш., 95 ғим., 7 т.е.б., тел.: +7 777 495 09 74, e-mail: psprof@mail.ru.

6) Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен, ал кейін қоғамдық тыңдаулардың жарияланған хаттамасымен танысу үшін, Бірыңғай экологиялық порталға және тиісті өкімшілік-аумақтық бірліктің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органының ресми интернет-ресурсына сілтемесі:

– Қоршаған ортаны жағдайы және ресурстарды сақтау туралы Ұлттық деректер банкі – <https://hearings.ndbecology.gov.kz>, «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімі;

– ЖАБ сайты «Шығыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ – <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat>, «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімі.

7) Көзделіп отырған қызмет, өткізілетін қоғамдық тыңдаулар туралы қосымша ақпарат алуға, сондай-ақ, көзделіп отырған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін сұрату үшін электрондық мекенжайы мен телефон нөмірі:

– эл.мекенжай: psprof@mail.ru және a.tuganbayev@tbmunay.com;  
– телефондар: +7 777 495 09 74, +7 705 144 84 80, +7 777 211 90 14.

8) Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органының жұртшылық пен мүдделі жұртшылық өз ескертулері мен ұсыныстарын қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша жазбаша немесе электрондық нысанда жіберетін электрондық мекенжайы мен пошталық мекенжайы:

– қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі – «Шығыс Қазақстан облысы бойынша экология департаменті» РММ: vko-ecoder@ecogeo.gov.kz, ШҚО, Өскемен к., Потанин к., 12.

– ЖАБ «ШҚО табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ d.babakanova@akimvko.gov.kz, ШҚО, Өскемен к., К. Либкнехта к., 19.

**Zoom конференциясына қосылыңыз**  
<https://us06web.zoom.us/j/86317288649?pwd=zb16D00bKpOwdpDpXQ34Qi8M29iGqq.1>

Конференция идентификаторы: 863 1728 8649

Кіру коды: 639907

**Объявление о проведении общественных слушаний**

1) наименование проекта:  
– Строительство оценочной горизонтальной скважины № С-311 на месторождении Сарыбулак, Восточно-Казахстанской области.

2) список административно-территориальных единиц, на территорию которых может быть оказано воздействие и на территории которых будут проведены общественные слушания:

– Карабулакский сельский округ Зайсанского района Восточно-Казахстанской области. географические координаты участка и географические координаты территории воздействия:

– Координаты местоположения устья скважины: 47°34'44.6400" сш 84°27'51.1800" вд.

3) место, дата и время начала проведения общественных слушаний:  
– ВКО, Зайсанский район, Карабулакский с.о., с. Карабулак, ул. А.Құнанбайұлы, 12а (здание акимата), 28.04.2026 г. в 14:00.

4) реквизиты и контактные данные Инициатора:  
– ТОО «Тарбағатай Мунай», БИН 060940004104, ВКО, г. Усть-Каменогорск, пр. К. Сатпаева, 64, 8-й этаж, тел.: +7 (7232) 20-30-90, e-mail: a.tuganbayev@tbmunay.com.

5) реквизиты и контактные данные составителя отчёта о возможных воздействиях:  
– ТОО «Проектный центр «ПРОФЕССИОНАЛ», БИН 141140017741, ВКО, г. Усть-Каменогорск, ул. Протоzanoва, зд. 95, н.п. 7, тел.: +7 777 495 09 74, e-mail: psprof@mail.ru.

6) ссыла на Единый экологический портал и официальный интернет-ресурс местного исполнительного органа (МИО) соответствующей административно-территориальной единицы (областей, городов республиканского значения, столицы), для ознакомления с документами, выносимыми на общественные слушания, а после и с опубликованным протоколом общественных слушаний;

– Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и сохранении ресурсов – <https://hearings.ndbecology.gov.kz>, раздел «Общественные слушания»;

– сайт МИО ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования ВКО» (ГУ «УПРиРП ВКО») – <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat>, раздел «Общественные слушания».

7) электронный адрес и номер(-а) телефона для получения дополнительной информации о намечаемой деятельности, проведении общественных слушаний, а также запроса копий документов, относящихся к намечаемой деятельности:

– адреса эл.почты: psprof@mail.ru и a.tuganbayev@tbmunay.com;  
– телефоны: +7 777 495 09 74, +7 705 144 84 80, +7 777 211 90 14

8) электронный адрес и почтовый адрес уполномоченного органа в области охраны окружающей среды и местного исполнительного органа областей, городов республиканского значения, столицы, на которые общественность и заинтересованная общественность направляет свои замечания и предложения в бумажной или электронной форме по документам, выносимым на общественные слушания:

– территориальное подразделение уполномоченного органа в области охраны окружающей среды – РГУ «Департамент экологии по Восточно-Казахстанской области»: vko-ecoder@ecogeo.gov.kz, ВКО, г. Усть-Каменогорск, ул. Потанина, 12.

– МИО ГУ «УПРиРП ВКО»: d.babakanova@akimvko.gov.kz, ВКО, Усть-Каменогорск, ул. К. Либкнехта, 19.

**Подключиться к конференции Zoom**  
<https://us06web.zoom.us/j/86317288649?pwd=zb16D00bKpOwdpDpXQ34Qi8M29iGqq.1>

Идентификатор конференции: 863 1728 8649

Код доступа: 639907